

ӘОЖ 378:51

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ РӨЛІ

Мірәлі Зерәгул Қайратқызы

магистрант, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшіі: п.ғ.к. Жетпісбаева Г.О.

Бұл мақалада шығармашылық белсенділік психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастырылып, оның болашақ математика мұғалімдері үшін маңыздылығы айқындалады. Ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде шығармашылық белсенділіктің құрылымдық компоненттері анықталады. Болашақ математика мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру, олардың кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін арттырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады.

Кілт сөздері: болашақ математика мұғалімдері, шығармашылық белсенділік, кәсіби даярлау, шығармашылық қабілет, шығармашылық ойлау.

Қазіргі білім беру жүйесінде болашақ математика мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру ерекше маңызды. Білім беру процесінде стандарттан тыс ойлай алатын, білімді және білікті оқушыларды тәрбиелейтін, оқыту барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білетін, кез келген туындаған мәселені шеше алатын, шығармашылық белсенділігі жоғары және оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орната алатын мамандарды даярлау қажеттілігі туындайды. Болашақ математика мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігінің мәнін түсіну олардың кәсіби дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді. Алынған нәтижелер жоғары оқу орындарында математика мұғалімдерін даярлау сапасын арттыруға және олардың кәсіби қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Шығармашылық ұғымы тек бір салада ғана көрініс таппайды, ол кез келген салада байқалады. Туындаған белгілі бір мәселені тиімді шешу барысында адамның икемділік, қиял, ойлау және бастамашылық секілді шығармашылық қасиеттері айрықша орын алады.

Шығармашылықтың мәнін түсіндіру ежелгі заманнан бері зерттелініп келеді. Платонның заманында шығармашылықты былайша сипаттайды: шығармашылық - білімнің нәтижесі емес, құдайлық шабыттың көрінісі және

қоршаған ортаның дамуы нәтижесінде қалыптасатын құбылыс[1]. Психолог Д.П.Гилфорд бұл ұғымды екі бағыт бойынша анықтады: түпнұсқалық және орындылық. Психолог түпнұсқалық деп айрықша, жаңа қадамдар туындауын есептеді, ал орындылық деп идеяның қоршаған ортаға жарамды және берілген жұмысқа сәйкес болуымен теңестірді[2].

Болашақ мұғалімдерді дайындауға байланысты бірнеше ғалымдар өз еңбектерінде пікірлерін жазып, білім беру қызметіне өз үлестерін қосты. Бұл ғалымдардың қатарына П.П.Блонский, С.Т.Шацкий және В.А.Сухомлинский секілді ғалымдар жатады. П.П.Блонский болашақ мұғалімдердің психикалық дамуына және оқыту үдерісіне байланысты зерттеді[3], С.Т.Шацкий білім беру процесі тиімді болуын, болашақ мұғалімнің белсенді болуына тікелей байланыстырды, В.А.Сухомлинский болашақ мұғалімдерді даярлауды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қарастырды және олардың жеке дағдыларына байланысты оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға болатындығын көрсетті[4].

Белсенділік ұғымы француз тілінен аударғанда *active* - әрекет, әрекет күші және әрекеттілік деген мағынаны білдіреді. Бұл терминді ғылымның әр түрлі салаларында қосымша ұғым түрінде кең ауқымда пайдаланылады[5].

Белсенділік ұғымын психологиялық тұрғыдан қарастырғанда, белсенділік - адамның ішкі факторлардың сыртқы көрінісі, яғни, ерік-жігер, ынта және қажеттілік ұғымдарымен байланысады. С.Л.Рубинштейн еңбектерінде белсенділіктің сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен туындайтын құбылыс ретінде қарастырып, оны тереңінен зерттеді[6].

Болашақ математика мұғалімдері - жоғары оқу орында білім алу үстіндегі студенттер. Олар өз білімдерін толықтыру арқылы, білікті маман болып қалыптасады. Сол арқылы мектепте білімді білім алушылар көбеюіне ықпал етеді.

Шығармашылық белсенділік ұғымының маңызын түсіну үшін оның құрамдас бөліктерін білу маңызды. «Шығармашылық белсенділік, шығармашылық ойлау, шығармашылық қабілет және шығармашылық әрекет» ұғымдары бір-бірін байланыстырып, толықтырады. Сондықтан бұл ұғымдардың мәнін, маңызын түсіну арқылы болашақ математика мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін дамыту жүзеге асады.

Болашақ математика мұғалімінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда мынадай формула құрастыруға болады: «Шығармашылық белсенділік = шығармашылық ойлау + шығармашылық қабілет + шығармашылық әрекет». Бұл компоненттерді қысқаша былай сипаттауға болады және ол 1-кестеде көрсетілген:

1-кесте. Шығармашылық белсенділіктің компоненттері және сипаттамасы.

Компонент	Сипаттама	Мәні
Шығармашылық ойлау	идеяларды құру, проблемаларды шешу, жаңа тәсілдер, логика, интуиция, аналитикалық ой	Ақпаратты талдау, жаңа идеяларды ойлап табу және шешімдер қабылдау қабілеті.
Шығармашылық қабілет	дарын, икемділік, инновациялық тәсіл, потенциал, қабілеттерді дамыту	Жеке тұлғаның шығармашылық әрекетке дайындығы мен мүмкіндігі, жаңа тәсілдер қолдануға қабілеті.
Шығармашылық әрекет	практика, тәжірибе, өнім шығару, эксперимент, қолдану, іске асыру	Шығармашылық ой мен қабілетті нақты іс-әрекетке айналдыру, нәтижеге қол жеткізу.

Шығармашылық белсенділік - бұл тұлғаның жаңа шешімдер іздеу, жаңалық енгізу және мәселені шешудің жаңа тәсілдерін қолдануға бағытталған әрекеті. Бұл ұғымның қалыптасуы болашақ математика мұғалімдері үшін өте маңызды. Яғни, өмірдегі кез келген жағдайда немесе білім ортасында да шығармашылық белсенділігі жоғары тұлға үшін кез келген мәселені шешу тез, әрі нәтижелі жүзеге асады.

Шығармашылық белсенділік – бұл тұлғаның жаңа идеялар мен шешімдер ойлап табу қабілеті, өзінің дарындылығы мен қабілетін іс-әрекет арқылы жүзеге асыру дайындығы және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігін біріктіретін кешенді психологиялық-педагогикалық құбылыс. Ол ойлау, қабілет және әрекет компоненттерінің өзара байланысы арқылы қалыптасып, тұлғаның проблемаларды шешу, инновациялық тәсілдерді қолдану және кәсіби қызметінде тиімді әрекет жасау қабілетін қамтамасыз етеді. Осылайша шығармашылық белсенділік – тек жаңа идеялар ойлап табу ғана емес, оларды іске асыруға қабілеттілік пен нақты нәтиже алуды біріктіретін күрделі процесс болып табылады.

Болашақ математика мұғалімдерін даярлауда шығармашылық белсенділіктің орны ерекше екені белгілі. Олардың шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың қозғаушы күштеріне мыналар жатады:

- мотивация;
- икеңділік;
- білім мен тәжірибе;
- эмоция және т.б.

Бұл қозғаушы күштердің толықтай сипатталуы 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Шығармашылық белсенділікті қалыптастырудың қозғаушы күштері және оқыту процесінде қолданылуы.

Қозғаушы күштері	Мағынасы	Оқыту процесінде қолданылуы
Мотивация	Оқушының оқу әрекетіне ішкі қызығушылығы, білім алуға және шығармашылық тапсырмаларды орындауға деген ынтасы.	Сабакта практикалық тапсырмалар беру, нақты мысалдар мен тәжірибе арқылы қызығушылықты ояту, кері байланыс пен мақтау арқылы ынталандыру.
Икемділік	Жаңа жағдайларға тез бейімделу қабілеті, түрлі тәсілдерді қолдана білу және ойлау мен әрекетте икемділік көрсету.	Әртүрлі есеп шығару әдістерін көрсету, қызықты тәсілдерді талқылау, топтық және жобалық жұмыстарда әртүрлі шешім жолдарын қолдану.
Білім мен тәжірибе	Теориялық білімнің практикалық қолданылуы, жеке және кәсіби дағдылар, тәжірибе негізінде әрекет жасау қабілеті.	Зерттеу жобалары, практикалық есептер, тәжірибелік тапсырмалар арқылы теорияны іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беру.

Болашақ математика мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру кезеңінде әр студенттің жеке ерекшеліктерін, талпынысын, біліктілігін және жеке дағдыларын ескеру маңызды. Себебі, шығармашылық белсенділікті қалыптастыру тек білім беру процесінде кәсіби дайындау процесі емес, білім алушыны оқытуға бағытталады. Сондықтан, барлық білім алушыларға бірдей шектеу қоймай, әрқайсысының ерекшеліктеріне қарау керек және оларды еркін қалыптастыра білу керек, сол кезде ғана ойлау икемділігі, стандарттан тыс ойлау қабілеті қалыптасады[6].

Болашақ математика мұғалімдерін дайындау олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту тек теориялық білім беру арқылы шектелмей, шығармашылық белсенділікті қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Шығармашылық белсенділік – бұл жаңа идеялар ойлап табу, әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешу, икемді ойлау қабілетін дамыту және алынған білімді практикалық іс-әрекетте тиімді қолдану қабілетін біріктіретін кешенді психологиялық-педагогикалық құбылыс.

Болашақ мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін дамыту оларға мектептегі оқушыларды стандарттан тыс ойлауға үйретуге, олардың білім деңгейін арттыруға және тұлғалық дамуын қолдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар шығармашылық белсенділік мұғалімге әр оқушының

ерекшелігін ескеріп, сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға, оқушылардың қызығушылығын арттыруға және эмоционалды белсенділігін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби және шығармашылық дайындығын жетілдіру үшін төмендегідей шаралар тиімді деп есептеледі:

- *Оқу бағдарламасына шығармашылық элементтерді қосу* – жобалық тапсырмалар, проблемалық есептер және зерттеу жобаларын тұрақты түрде қолдану арқылы студенттердің ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- *Педагогикалық практиканы шығармашылыққа бағыттау* – студенттерге сабақ жоспарларын құру, инновациялық әдістерді қолдану және практикалық тәжірибе жинауға мүмкіндік беру;

- *Қозғаушы күштерді дамыту* – мотивация, икемділік, білім мен тәжірибе, эмоция және кәсіби дағдылар сияқты компоненттерді жүйелі түрде қалыптастыру;

- *Инновациялық технологияларды пайдалану* – интерактивті сабақтар, виртуалды лабораториялар және ақпараттық құралдар арқылы шығармашылық белсенділікті арттыру;

- *Өзіндік ізденіс пен кәсіби дамуды қолдау* – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, тәжірибе мен жобалық жұмыстарға қатысуын қамтамасыз ету;

- *Шығармашылық белсенділікті бағалауды жетілдіру* – тек теориялық білімді емес, практикалық дағдылар мен инновациялық шешімдерді ескеретін бағалау жүйесін енгізу.

Зерттеу көрсеткендей, болашақ математика мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігі олардың кәсіби дайындық деңгейін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл құбылыс ойлау қабілеті, жеке дарын мен қабілет және нақты іс-әрекет арқылы білімді практикалық тұрғыда қолдану мүмкіндігін біріктіреді. Шығармашылық белсенділік мұғалімге мектептегі оқушылардың ойлау дағдыларын дамытуға, олардың білімін тереңдетуге және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Университеттік дайындық кезінде шығармашылық қабілеттерді дамыту математика мұғалімінің кәсіби шеберлігін арттырып, икемділік пен проблемаларды шешу дағдыларын жетілдіреді, бұл өз кезегінде мектептегі оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Осылайша, шығармашылық белсенділік болашақ математика мұғалімінің кәсіби жетістігі мен оқушылардың интеллектуалды дамуы арасындағы негізгі фактор болып табылады.

Қорытындылай келе, болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлауда шығармашылық белсенділіктің рөлі ерекше екені анықталды. Көрсетілген ұсыныстарды білім беру процесіне қосу арқылы, тиімді нәтижеге жететіні анық. Сол себепті, білім беру процесін мақсатты түрде жоспарлау керек. Болашақ математика мұғалімдері арқылы Қазақстан мемлекетінде саналы, әрі

білімді және шығармашылық белсенділігі жоғары болатын ұрпақ тәрбиеленетіні көрінеді. Осы қадамдардың әсерінен, білім алушыларымыз, болашақ мамандарымыз және мемлекетіміз де дамитыны байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Платон. Сочинения Платона. — Ч. 2. Критон. Федон. Менон. Горгиас. Алкивиад первый. Алкивиад второй / Платон. — СПб.: Лань, 2014. — 476 с.

2. Богоявленская Д. Б. Проблемы методологии развития творчества в практике образования // Культурно-историческая психология. – 2023. – Т. 19. – №. 3. – С. 56-63.

3. Blonsky P.P. Selected Pedagogical Works. Moscow: Pedagogika, 1979. 320 p.3.

4. Sukhomlinsky V.A. On Upbringing: Selected Works. Kyiv: Radyanska Shkola, 1987. 496 p.4.

5. Узакбаева С., Сагымбай Ж. «ТҰЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ // Известия. Серия: Педагогические науки. – 2021. – Т. 63. – №. 4.

6. Слостенин В. А. Педагогическая деятельность как творческий процесс // Сибирский педагогический журнал. – 2005. – №. 4. – С. 3-13.

ПОНЯТИЕ ТВОРЧЕСКОЙ АКТИВНОСТИ И ЕЁ РОЛЬ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ

Мірәлі Зерәгул Қайратқызы

В данной статье творческая активность рассматривается с психолого-педагогической точки зрения, а также определяется её значимость для будущих учителей математики. На основе анализа научных трудов ученых выявляются структурные компоненты творческой активности. Формирование творческой активности будущих учителей математики рассматривается как важное условие повышения эффективности их профессиональной деятельности.

Ключевые слова: будущие учителя математики, творческая активность, профессиональная подготовка, творческие способности, творческое мышление.

THE CONCEPT OF CREATIVE ACTIVITY AND ITS ROLE IN THE PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE MATHEMATICS TEACHERS

Mirali Zeregul Kairatkyzy

This article examines creative activity from a psychological and pedagogical perspective and highlights its importance for future mathematics teachers. Based on the analysis of scholarly works, the structural components of creative activity are identified. The development of creative activity in future mathematics teachers is considered an important condition for increasing the effectiveness of their professional activity.

Keywords: future mathematics teachers, creative activity, professional training, creative abilities, creative thinking.

REFERENCES

1. Plato. (2014). The works of Plato (Part 2: Crito, Phaedo, Meno, Gorgias, Alcibiades I, Alcibiades II). Saint Petersburg: Lan.
2. Bogoyavlenskaya, D. B. (2023). Problems of the methodology for the development of creativity in educational practice. *Cultural-Historical Psychology*, 19(3), 56–63.
3. Blonsky, P. P. (1979). Selected pedagogical works. Moscow: Pedagogika.
4. Sukhomlinsky, V. A. (1987). On upbringing: Selected works. Kyiv: Radyanska Shkola.
5. Uzakbaeva, S., & Sagymbay, Zh. (2021). The essence and content of the concept of “creative activity of the individual”. *Izvestiya. Series: Pedagogical Sciences*, 63(4).
6. Slastenin, V. A. (2005). Pedagogical activity as a creative process. *Siberian Pedagogical Journal*, (4), 3–13.